

## Жаңғырудың мақсаты – жасампаздықтың үлгісі



*Имен Акжол,  
«Тарих» мамандығының  
3 курс студенті*

Қазіргі таңда елімізде көш бастап тұрған маңызды ұғымдардың бірі әрі бірегейі – елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы хақында. 2017 жылы 12 сәуірінде халық назарына ұсынылып, алдағы жылдарда атқарылатын істермен, жоспарлармен таныстырылған бұл мақала лауазымды адамдардан бастап, қарапайым халыққа дейін түсінікті тілде жарияланып, ел ішінде таныстырылып, жүзеге асырыла бастағанына биыл үш жыл толып отыр. Мақалада тайға таңба басқандай анық – айқын жаңғырудың негізгі үш басты мақсаты – саяси реформа, экономикалық өсімнің жаңа модельін құру және рухани жаңғыру сияқты бағыттарыды дамытуды қолған алғанын көрсеткен еді. Осы бағыттар аясында атқарылған істердің қорытындысын Ақ Ордада ҚР Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияның отырысында, Қырымбек Көшербаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасының үш жылдық жұмысын қорытындылап өтті. Сол қорытынды да ел елішінде ауқымды жұмыстардың жүргізілгенін айтқан болатын. Мысал ретінде, «Туған жер» жобасын алсақ болады. 2019 жылы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, осы жобаға 60 млрд теңгеге жуық қаражат тартылып, оның ішінде 889 нысан жаңадан салынып, 631 нысан күрделі жөндеуден өткен. Бұл да «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» аясында ел ішінде атқарылып жатқан ауқымды істердің бірі десек болыды.

Тәуелсіздік жылдарындағы бұған дейінгі жаңғырулар; 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы Қазақстанның аумағындағы тарихи – мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғыртып, мемлекет қоғауына алған еді. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең беделді архивтерінен төл тарихымызға қатысты маңызды құжаттарды жүйелі түрге жиналып, зерттелген болатын. Енді міне, 2017 жылғы қабылданған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында әлемдегі дамыған 30 – елінің қатаруына қосылуға нақты қадамдар жасаудамыз. Осы мақсатқа жету үшін біз Қазақ елі тек экономикалық және саяси тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар саналы түрде жетуіміз қажет. Сол үшін де, біз, жастар еліміз үшін аянбай еңбек етіп, келешегіміздің кемелді болуына үлес қосу парызымыз екенін ұмітпағанымыз жөн. Жаңғырудан жаңғырудың жарқын болашағына ат салысайық.